



## Қобда ауданы.

Қобда ауданы Ақтөбе облысының солтүстік-батысында облыс орталығынан 110км қашықтықта орналасқан.1929 жылы құрылған. Халқы - 19315 адам. Аудан 18 ауылдық округке бөлінген. Қобда елінің халқы Тәуелсіздіктің жетістіктерін мақтан етіп, бүгінгі басты құндылықтарымыз - ұлтаралық татулық пен конфессияаралық келісімді барынша бағалап, алдағы уақытта да болашаққа бағытталған жасампаз істердің алдыңғы шебінде болатынына сенім мол. Қобда жері – қазақ еліне ерлік пен елдіктің өлшеусіз өнегесіне айналған батырлардың мәңгілік мекені болған киелі жер.





**Табиғат жағдайы** – аудан жері құнарлы, суы мол, жайылымы кең, шаруашылыққа қолайлы өлкенің біріне жатады. Аудан аумағының жер ресурстары, табиғаты, климаты, жануар түрлері, мүлдем жоғалып кеткен жабайы аң түрлері мен өсімдіктері, өзен аңғары биологиялық алуан түрлілігі бай ірі табиғи жүйе.



# Қобда ауданы-шежірелі өлке!

Қобда жері – атақты Исатай, Махамбет бастаған әйгілі күрестің соңғы шайқасы өткен өңір, жаугершілік заманда туған қарақыпшақ Қобыланды елін, жерін жортуылшы қалмақтардан жан аямай қорғап, атағы дүйім жұртқа жайылған жер.

Бұл төңіректе Талдысай ауылынан оңтүстікке қарай 12 км. қашықтықта 14 ғасырдың соңы мен 15 ғасырдың бас кезінде салынған сәулет өнері ескерткіші - Абат-Байтақ кесенесі орналасқан. Ол маңызы зор, барша қазақ халқына ортақ жәдігер болып саналады.



Халық аузындағы аңыздарға қарағанда, кесене атақты ойшыл Асан қайғы жыраудың ұлы Бесқопа аңғарында кенеттен қайтыс болған Абат батырға арналып, бүкіл аймақ халқының қатысуымен тез арада тұрғызылған. Сондықтан, оның атына «Байтақ» деген сөз қосылған («кең»). Бірақ құрылыстың сәулеттік құрылымы оның төрелерге тән екенін байқатады.



**Ауданда** - Кеңес Одағының батырлары И. Білтабанов, А.Жанұзаков, М. Прохоров, М. Колесников, А. Терещенко, И. Пятковский, М. Кошелев дүниеге келген. Қобда жері батырларының есімі ұлы майданда ұран болған, бірінен бірі маңдайлы тұлғаларды туғызған. Бұлақ ауылында дүниеге келген Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың есімі, оның ерлігі бүкіл әлемге белгілі. Әлия ауылындағы «Әлия» патриоттық тәрбие беру орталығында республикалық деңгейде патриоттық іс-шаралар өткізіледі.



**Келесі  
кездескенше!  
Назарларыңыз  
ға көп-көп  
рахмет!**